	ҮІӨ тақырыбы: Қандай түстер? ҮІӨ мақсаты: түстерді қазақша айтуға үйрету; қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсінсипаттай білуді меңгерту. Дағды: дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтады, сын есімдерді пайдаланып сөйлем құрайды. Түсінеді: сұрақтарды түсініп жауап береді. Қолданады: түстердің қазақша аталуын қолданады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Еске түсіру сәт: Өткен «Ертегі әлемі» тақырыпты қайталау. Ертегі кейіпкерлерін атау. Түсіну: балалардан білетін түстерін сұрау. Балалар түстерді атайды. Қима материалмен жұмыс. – Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай? – Жапырақтың түсі сары. – Мынау жапырақтың түсі	кативтік, ойын әрекеті ҮІӨ тақырыбы : Әжеме арналған қамзол. ҮІӨ мақсаты: киюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету. Дағды: сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп кию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балардың ой-қиялын, эстетикалық тәрбиесін дамыту дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ұлттық киімді, ою-өрнек түрлерімен әшекейлейді; Түсінеді: ұлттық киімдерді сәндеуде оларды қолданатынын; Қолданады: түстерді сәйкестендіре отырып сәндік жапсыруды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үнтаспадан «Ақ әжем» әні орындалады. Әні: К. Қуатбаевтікі. Сөзі: О. Әубәкіровтікі. ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды. – Бұл қандай киімдер? – Қалай аталады? – Сендерге ұнай ма? – Әжелеріңнің, өздеріңнің ұлттық киімдерің бар ма? – Осы киімдердің қандай	ҮІӨ тақырыбы: Біз нені білдік? ҮІӨ мақсаты: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау. Сызбаға сәйкес дауыссыз дыбыстардан басталатын сөйлемдер құрай білулерін жетілдіру. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге, сөз ішінен дыбыстың орнын анықтауға жаттығулар жасату арқылы есте сақтауларын мен зейіндерін дамыту. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерден сөйлем құрайды, дыбыстың орнын анықтайды. Түсінеді: дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады, түсінеді. Қолданады: сөйлем сызбасын сызады, дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Сипатынан тап» ойынын педагог балалармен ұйымдастырады. Шикылдайды, құйрығы ұзын, мысықтың жауы – ...(<i>тышқан</i>) Мойны ұзын, екі құлақты, екі ішекті, тарта білсең әдемі әуен шығады – ...(<i>домбыра</i>) Жасыл түсті, инесі көп, дәнін оның тиін сүйіп жейді – ...(<i>шырша</i>) Түсі сұр, өзі қорқақ, құлағы ұзын – ...(<i>қоян</i>) Өзі аппақ, суық пенен суды сүйер сүйкімді бір жануар – ...(<i>ақ аю</i>) Түсіну: Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Қандай да бір дыбысты айтады,	ҮІӨ тақырыбы: Біз мектепке барамыз. ҮІӨ мақсаты: жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Дағды: Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анықайтуға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: тақырыпқа байланысты сөздерін айтады, дыбыстарды дұрыс айтады, жаңылтпашты қайталайды. Түсінеді: сөздердің мағынасын түсінеді. Қолданады: сөздерді қолданып, қысқа сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Жаңа сөздермен таңыстыру. -Балалар мектепке келді. -Балалар қайда келді? -Балалар мектепке келді. -Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не? -Мынау – мектеп. -Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді? -Мектепте оқиды, білім алады. Мынау – оқушы. Мынау кім?	ойын, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Жантақ қайда өседі? ҮІӨ мақсаты: Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм акациясы, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы түсінік қалыптастыру. Дағды: Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін күшейту, бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын оятуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: экоаймақтарды, онда тұратын жануарлардың атауларын атап береді; Қазақстандағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің ерекшеліктері туралы түсінігі бар. Түсінеді: белгілі бір өсімдіктің неліктен белгілі жерлерде ғана өсетінін түсіндіріп бере алады. Қолданады: экологиялық мінез-құлықпен таныс; зерттеушілік қабілеті бар, бақылау арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: «Жақсы – жаман» ойынын ұйымдастырады.
--	--	---	---	--	---

	қандай? – Жапырақтың түсі жасыл. – Алманың түсі қандай? – Алманың түсі қызыл. – Мынау қарындаштың түсі қандай? – Көк түсті. – Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайды). Білу: Жаңа сөздермен таныстыру. -Мынау – қоңыр түс, қо- ныр. -Қандай түс? -Қоңыр түс. -Мынау – кара түс, кара. -Қандай түс? -Қара түс. -Мынау – күлгін түс, күлгін. -Қандай түс? -Күлгін түс. -Мынау – көгілдір түс, кө- гілдір. -Қандай түс? -Көгілдір түс. -Мынау – қызғылт түс, қызғылт. -Қандай түс? Қызғылт түс Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ң- ң- ң –қо-ңыр. Қ –қ- қ- кара. Ү -ү -ү – күлгін Ө -ө -ө –кө-гілдір. Ғ- ғ-ғ- ғылт – қызғылт. Ойын: «Осындай түсті затты тап». Топтан қоңыр, күлгін, көгілдір, қызғылт және кара түсті заттарды табуды сұрайды. Балалар заттарды тауып, олардың түстерін атайды, сөйлем құрайды.	ерекшелігін байқадыңдар? Түсіну: «Оюлар» бүктемесінен «Тұмар», «Қошқармүйіз», «Ботакөз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіру.– Балалар, мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек? Білу: Қызыл түсті қағаздан 4 қиықшаны бүктеу әдісімен қию. Жасыл түсті қағазды бүктеп, «Қошқармүйіз» оюын қию. Саусаққа, қолға арналған жаттығулар ұйымдастырылады. Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз: – жағасына; – беліне; – етегіне. Балалармен сұрақ-жауап арқылы оюдың аттарын қайталап өтеді. Бірнеше оюдың суретін көрсетеді. – Балалар, мына оюлар қалай аталады?	егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер» Жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын, мағынасы ұқсайтын сөз ойлап айтуларың керек. Мысалы: әдемі ... (қыз), ағаш ... (бесік), темір ... (қаламсап), ақымақ ... (бала), қу ... (түлкі), қорқақ ... (қоян), терең ... (құдық), суық ... (қыс), жылы ... (көтем), дәмді ... (нан), жылы ... киім), сүтті ... (сиыр), момақан ... (қозы), пайдалы ... (тамақ), тәтті ... (балмұздақ), қалың...(кітап), жұқа...(мата), жұмсақ...(мақта), керек ... (балға), әнші ... (қыз), мықты ... (жігіт), әдемі ... (көбелек), қызыл ... (шалбар), сары ... (өрік), өткір ... (пышақ), дарынды ... (бала) т.б. Қолдану: Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын ата» Мысалы: апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешк(е)і, элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б. Білу: Балалар ұяң дауыссыз	Мынау – оқушы. Мынау – оқушылар. Мынау кімдер? Мынау – оқушылар. Мынау – мұғалім. Мынау кім? Мұғалім. Мынау – сынып. Сы-нып. Мынау не? Мынау – сынып. Мектепте сынып бар. Мектепте не бар? Мектепте сынып бар. Мектепте сыныптар бар. Мектепте нелер бар? Мектепте сыныптар бар. Сыныпта орындықтар бар. Сыныпта нелер бар? (Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады). Білу: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ- оқушы – оқушы. І-і-і-і- білім – білім. Ғ-ғ-ғ-ғ – мұғалім – мұғалім. Қолдану: Жаңылтпашпен таныстыру. Сыныпта ақ бор бар, Көк бор бар, Көп бор бар. Балалар қатты, ақырын, жай, жылдам қайталайды. Ойын: «Сөз ойла, тез ойла». Кез келген сөздің бірінші буынын айтады, балалар жалғастырады, мысалы мұ..., мек... т.с.с.	Көктемнің келгенін білдіретін белгілерді атап беруді сұрайды. Балалар өз пікірлерін айтады. Мысалы, бұталар бүршік жарады, гүлдердің баданасынан өскін шығады, жасшөкп қайта шығады, жәндіктер мен құстарды көреміз. Адамдар киімдерін ауыстырады. Жасыл көктем келеді, Самал беттен өбеді. Көкте бұлттар көбейсе, Мөлдір тамшы төгеді. Түсіну: Табиғат күнтізбесіндегі ауа райын белгілеуге шақырады. «Үйшік» ойынын ұйымдастырады: балаларға ҰОҚ-ға қатысты суреттерді үлестіреді. Педагог «үйшікте» отыр. Оған кіргісі келген адам өз қолындағы зат пен педагогтің қолындағы заттың ұқсастығы мен айырмашылығын айтып беруі тиіс. Ойынды балалар да жүргізе алады. Ойынға кіріседі. Б: Үйшікте кім тұрады? П: Бұл мен – көгал. Б: Ал мен – орманмын. Мені үйшікке кіргізіші. П: Маған қай жерін ұқсайды? Соны айтсаң кіргізейін. Б: Менде де, сенде де шөптер мен гүлдер, саңырауқұлақ өседі, жәндіктер, ұсақ жануарлар тіршілік етеді. Көгалда да, орманда да серуендеуге болады. Жел соққан кезде сен де шулайсың, мен де шулаймын. Б: Түк, түк. Мен – көлмін.
--	--	---	--	--	---

	Мысалы: Мынау – аю. Оның түсі қоңыр. Мынау – текше. Оның түсі күлгін. Поэзиялық сергіту сәт:(сергіту массажы, бір-бірінің арқасына, сұқ саусақтарының көмегімен суретсалады). Кемпіркосақ түстері Жаңбырдан соң тамаша! Күнмен бірге шағылысып, Шуақтары алуан-алуан. Қызыл – қызғылт, сары – сарғыш, Көк – көгілдір, жасылы бар. Көз тоймайды қараса!		дыбыстарды есімізге түсірейік: (б, в, г, д, ж, з.) –Суретте осы ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттер бар ма? Балалардың жауабы тыңдалады. <i>Домбыра, жүзу, гүл, бояңдару, доп, жапырақ.</i> Жарайсыңдар, балалар, ал енді қатаң дауыссыз дыбыстарды есімізге түсірейік: (п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ.) Осы қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік. <i>Шахмат, сурет, көбелек, футбол, тау, тақия, қақпашы, шырша, цирктегідей.</i> Жарайсыңдар, балалар! Үнді дауыссыз дыбыстарды есімізге түсіріп, олардан басталатын сөздерді суреттен тауып көрейік: (й, л, м, н, ң, р, у). Поэзиялық сәт: Саусақ жаттығуы «Бәрінен де мен күшті,» – Деп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!» – Деп келіспейді сол қол. Екі қолдың күштерін, Кәне, сынап көрейік. Оңға солға тартайық, Дастастырып қайтайық.		Мені де үйшікке кіргізіңізші. П: Егер көгалдан айырмашылығыңды айтсаң кіргіземіз. Б: Мен судан тұрамын. Ал, көгалда су жоқ деуге болады. Менде тіршілік ететін жануарларды көгалда кездестіру мүмкін емес. Адамдар маған қыдыруға емес, суға түсуге келеді. Білу: «Нақты деректер бойынша бөлу» техникасының көмегімен балаларды топтарға бөледі. Бір топқа жеке басына қатысты ерекшеліктеріне қарай топтасады (ақ құба,қара торы, сары балалар; қой көзділер, көк көздер, көзінің түсі жасылдар; бойына қарай; белгілі бір жұмысқа – сурет салуға, құрылысқа, балықтарға күтім жасауға, биге және өлең айтуға қызығушылығына қарай). Қолдану: Балаларға мейлінше көмек көрсетеді, жергілікті жер мен өсімдіктердің өзіне тән ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Тапсырманы орындайды: экоаймақтардың бірін (дала, орман, тау, көгал, алқап, сукоймасы) таңдап алып, суреттерді бөледі. Өзекті мәселе: Өз өлкеңде өсетін өсімдікті белгіле. Оны жақсылап сипаттап бер. Өсімдіктің құрамдас бөліктерін атап бер. Жантақтың суретін сал. Мүлдем көктем келмеді деп елестетіп көрелік. Ондай жағдайда өсімдіктердің,
--	---	--	---	--	---

				жәндіктер мен жануарлардың жағдайы не болмақ? Жаз қандай болады?
--	--	--	--	--

3 үзіліс – 11:10 – 11:20

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.




Ойын: «Үйрек үйрек, қаз».

Мақсаты: Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу.

Барысы: Қатысушылар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші шеңбердің ішінде айналып жүріп, қолымен көрсетіп "үйрек, үйрек, үйрек, қаз" дейді. Қаз жүргізушіге қарай, қарама-қарсы жүгіреді. Бұл екеуінің орындайтын тапсырмасы тезірек босаған орынға барып тұру.

Ойынның қиындығы : олар ортада кездескенде бір-бірінің қолын алып, реферанс (қимылмен ілтипат) жасау керек, бір-біріне күліп қарап: "Қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш" деп сәлемдеседі де, бос орынға қайтадан жүгіреді. Осылай ойын жалғаса береді. Ескерту: Жүргізуші барлық балалар "Қаз" ролінде ойнап шығуын қадағалап тұрады. Сәлемдесу және реферанс нақты көтеріңкі дауыс ырғағымен орындалу қажет.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

4. Дене шынықтыру- қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Волейболшының жаттығуы. ҮІӨ мақсаты: Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Дағды: Табан мен алақанға	4. Музыка- шығармашылық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Құстар біздің досымыз. ҮІӨ мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру,	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Ойна, ойна, доптан айырылып қалма! ҮІӨ мақсаты: Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяққимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	4. Музыка- шығармашылық әрекет ҮІӨ тақырыбы: Бақшадағы ән-сауық. ҮІӨ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі ҮІӨ тақырыбы: Футбол ойнаймыз (таза ауада) ҮІӨ мақсаты: Ағзаның шыныққандығын қалыптан тыс жаттығулар арқылы арттыру. Қимыләрекеттердің еркін орындалуы мен сапта жүру жаттығуларын үйретуді, доппен орындалатын спорттық жаттығулар түріндегі футбол ойыны қимылдарын үйретуді
--	--	---	--	--

	тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта сап түзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: спортқа деген қызығушылыққа баулу. Допты тізесімен қысып, алақандары менаяқтарының ұшына тіреніп жорғалау. Бір аяқпен секіру. Түсінеді: спортшылардың физикалық қасиеттері, тізбек пен қатарда жүргенде арақашықтық пен бағытты сақтап қимылдауды. Жаттығулардың соңына дейін денені тікұстау, өз қимылдарын басқа ойыншылардың қимылымен келістіруді. Қолданады: жүгіргеннен кейінгі тыныс алуды қалыпқа келтіруді, тізені жоғары көтеріп жүру, үздіксіз баяу жүгіру, допты бір қолмен, екі қолмен домалатуды, артқа лақтыру дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Ойын жаттығуы: «Спорт түрлері» «Шыныққан адам шырайлы Қызығып бәрі қарайды. Шынығуға спортты таңдап, Жаттықсаң, сол жарайды!	фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту. Дағды: Жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту . Балаларды құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, құстар бізге дос екенін түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әннің музыкасын әндете айтады, дұрыс тыныс алуды жасайды. Түсінеді: музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру. Қолданады: ұлттық билердің элементтерін орындайды, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Балалар марш әуенімен кіріп, шеңбер бойында тұрып, «Жануарлар әлемі» әуенінен жануарлардың, құстардың қимылдарын жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Құстар» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады. Музыка тыңдау: «Көкек» (Х. Мұхамедова).	Дағды: Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезекдомалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру, артқа қарай басынан асырып лақтыру арқылы қимыл-қозғалыс дағдыларын; кеңістікті бағдарлау, сапқа тұру, қайта саптүзеу дағдыларын; педагогтің нұсқауын мұқият орындап, өз қимылдары мен маңайындағылардың қимылдарын үйлестіре білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жалпақтабаннның алдын алу, тыныс алу гимнастикаларын. Түсінеді: доппен орындалатын командалық ойындарды, жаттығудың маңыздылығын, допты аяқтың бас жағымен дөңгелетуді, өлең жолдарымен қимыл-әрекеттерді сәйкестендіруді. Қолданады: допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді. Қолданады: допты аяқ басымен қысып жүру, тізелерінің арасына қысып секіріп жүру дағдыларын, допты саусақтың басымен жеңіл, жұмсақ қайтару дағдылары мен кеңістікті бағдарлай білуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.	байланыстыру. Дағды: Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: өз беттерінше би қимылдарын ойлап, әуенге ілесіп жасайды. Түсінеді: музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. Түсіну: <i>Музыка тыңдау:</i> «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева). Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ө. Қонысбеков). Үйренген «Көктем» әнін (А. Жайымов) еске түсіру,	жалғастыру. Дағды: Футбол добын аяқпен жүргізуге жаттығу. Доптың қозғалыс бағытын дұрыс анықтау қабілетін арттыру. Допты жұпта бір-біріне лақтырып, түрлі қалыпта қағып алу, сол сәттегі жағдайды дұрыс бағалап, шешім қабылдау дағдыларын, допты екі аяқпен қысып, 2,5 метрге ілгері секіріп қозғалуды жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұпта жаттығулар орындау, допты бір-біріне ерекше тәсілдермен лақтыру, эмоциялық ахуалды қалыпқа келтіру. Түсінеді: «футбол» термині, ойын шарты, ойын кезіндегі қауіпсіздік ережелері, жаттығулардың маңызы, аяқ ұшының іш жағымен пас беру, әрекеттерін келісіп істеу. Қолданады: төрт аяқтап еңбектеу, тізесімен доп қысып секіру, доптың қозғалыс бағытын сақтай білу, жұппен келісіп әрекет ету. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Ойын жаттығуы: «Әр нөмірді шақыру». Шақырылған нөмірлі ойыншылар ғана орындайды: «Артқа бұрыл!» командасы берілмейінше, бұрылмайды. Дұрыс дем алып, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Залдың ортасы арқылы тізбекке, екі тізбекке қайта сап түзейді. Екі тізбек ойыншылары бір-
--	--	--	--	---	--


	Волейболшылардың ерекше жаттығуына шақыру. Түсіну: Тыныс алу жаттығулары «Шұғылданып спортпенен, Тез үлкейіп өсеміз!» – аяқ ұшына көтерілу, қолдарын жоғары көтеру – демін ішке тарту. «Күнде-күнде өсеміз! Сағат санап өсеміз!» – қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басу – демін сыртқа шығару. Білу: Негізгі қимыл-қозғалыстар: Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет. 1. Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру. 2. Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру. 3. Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тіреніп жорғалау. 4. Допты бір қолмен, екі қолмен домалату. 5. Допты артқа лақтыру. Ойын-тренинг: «Өзіңді тыңда». Ыңғайланып отырып алып, көздерін жұмады. Іштерінде не болып жатқанын сезінеді. Сұрақтарға жауап береді. - Сендер не сезініп тұрсындар? - Сендер нені қалайсындар? - Нені естідіңдер?	Музыка тыңдап болған соң ән сипатын, мағынасын әңгімелеп, балалардан сұрау. Көктем, көктем, көктемде, Бұл құстардың бәрі де Өнші болып кеткен бе? Өн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну: Өн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Көктем» (А. Жайымов). Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді орындау барысында ырғақтық ерекшеліктерге тоқталу, дыбыс ұзақтықтарын алақандарымен шапалақтап көрсету. Үйренген «Ғарышкер боламыз» әнін (Ш. Мұхамеджанов) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке немесе топпен ән айту. Білу: Ойын: «Не қалай шақырады?» музыкалық-дидактикалық ойын. Ойында аңдардың, жануарлардың, құстардың қалай шақыратынын түсіндіріп, өздеріне сол дыбысталуды қайталауды талап ету. Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Шығарманы орындап,	Қолдану: Ойын жаттығуы: «Допты тауып көр!». Допты өздері таңдайды. Әртүрлі доптардың ішінен волейбол, футбол, баскетбол доптарын көзді жұмып тауыпалады. Бұл доптардың басқа доптардан өзгешелігін айтып береді. Түсіну: «Доптарды шеңберге қой!» ойын жаттығуы Допты әртүрлі жүргізіп жүреді, жүгіреді. Бір-біріне қақтығыспай шашырап жүреді, жүгіреді. «Допты шеңберге қой!» – дегенде доптарды құрсауларға тез әкеліп қояды. Допты қолына ұстап, әртүрлі жаттығуларды жүріп келе жатып орындау. «Шапшаң доп» (Баскетбол) Өлең жолдарына сәйкес қимылдар орындау. Допты жоғары лақтырып, қайта қағып алады. Допты жерге соғып, қағып алады. Қайта жоғары лақтырып, қағып алады да, қайта жерге соғады. Допты кеуде деңгейінен аспай секірту үшін күшін дифференциялау. Түрлі-түсті жүйрік доп Шалынбайды, шабады, Жиі, жиі жерге соғылып, Аласа секіріп барады. Секір, секір, секекте, Секір, төбеге жетпекке, Секір, секір, жетпейсің, Бізден қашып кетпейсің! Білу: «Допты дәл беру» (Футбол) Футбол добын бір-біріне дөңгелене тұрып оң аяғы	сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Білу: Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.	біріне қарама-қарсы тұрады. Өз әрекетін жұптарындағы балалардың әрекетімен үйлестіреді. Түсіну: «Қорғаушылар» (6 рет). Аяқ басының арасына доп қыстырып секіріп жүру. Аяқтың ұшымен секіріп қонып, допты түсіріп алмауға тырысады. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. Допты басымен итеріп, еңбектеп қозғалу. Алдымен 1 бала екіншіге қарай барып, орнына қайтып келеді де, сосын 2 бала біріншіге қарай қозғалады. «Шабуылшылар» Допты 2,5 м қашықтыққа әртүрлі тәсілмен апару – оң аяқпен, сол аяқпен, екі аяқпен. (9 рет). Аяқ басының ішкі жағымен сергек қимылдап, алдыға қарай, жұбына дейін алып бару. Педагогтің командасымен допты алдымен бір аяқпен, сосын екінші аяқпен, сосын екі аяқпен бірге жүргізеді. Допты алысқа жібермей, доптың артынан үлгеруге тырысады. Доптың бағытын жоғалтпайды. «Қақпашылар» (4 рет). «Артпен қарап, аяқтарының арасында допты қысып отыру» – бастапқы қалпынан допты лақтырады. 1 – ойыншыға допты лақтырады. 1-ойыншы шапшаң орнынан атып тұрып, допты қағып алады. Барлық қимылдарында шапшаңдыққа тырысады.
--	--	---	---	--	---

		балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар күннің қай мезгілде ұйықтататынын еске түсіріп, музыка қалай ойналатынын сұрау. Аспапта асықпай әуенге ілесе ойнау.	және сол аяғымен беру. Қалауынша шеңберге тұрады. Допты оң аяқ пен сол аяқты алмастырып, күшін дифференциялайды. Допты аяқ басының ішкі жағымен тебеді. «И» дыбысын созып айту ми тамырларын тазартып, құлақ, көз жұмысы мен ұйқыбездерінің жұмысын жақсартады. Бастапқы қалып – еркінше тұру. Терең тыныс алады да, демін сыртқа баяу шығарып, «иини» – деп дыбыстайды.		Білу: Ойын жаттығулары «Епті саусақтар» – допты жұпта екеулеп кішкентай бармақтарымен, сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап қалу. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруға тырысады. Сосын тек сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да денемүшелерімен ұстап тұрады. Әрқайсысы өз әрекетін жұбымен келісіп істейді.
--	--	--	--	--	--

4 үзіліс – 11:50 – 12:30

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

		Ойын: «БОТАҚАН» (Қазақ халқының ойыны) Мақсаты: Оқушылардың денсаулығын, ой-өрісін, икемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту. Ойынның шарты: Ойыншылар өз орталарынан атан түйе мен мыстан кемпір сайлап алады. Қалғандары, яғни ботақандар атан түйенің артынан бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрады. Мыстан кемпір «ұшқыш сыпыртқысымен» атан түйенің алдына «ұшып келіп»: «Керуен, қайдан келе жатырсың, қайдакетіп барасың?» деп, артындағы ботақандарының біреуін беріп кетуін сұрайды. Бірақ оған атан түйе келіспейді. Сонда мыстан кемпір жүгіріп жүріп керуеннің соңындағы ботақанды күшпен тартып алуға әрекеттенеді. Ал атан түйе мыстан кемпірді ең соңғы ботақанға жібермеуге тырысады. Ботақанды ұстап алса, мыстан кемпір оны үйіне апарып қойып келіп, енді келесі соңғы ботақанды ұстап алуға әрекет етеді. Осылай 2-3-рет қайталанған соң, атан түйе мен мыстан кемпір басқадан сайланып, ойын әрі қарай жалғастырылады.
		

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00	Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет (Арнұр, Нұрым, Шахнұр) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту Қарға біздің қар, қар, Сауысқаны саңқ, саңқ. Торғайларым шик, шик Жапалағым ух, ух. Көкек көкек, көкек деп, Ұшады екен желпілдеп	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндер» (Ақжол, Жанеля) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет (Ибраһим, Ажан) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Жатқа айта білу дағдысын қалыптастыру Қарға біздің қар, қар, Сауысқаны саңқ, саңқ. Торғайларым шик, шик Жапалағым ух, ух. Көкек көкек, көкек деп, Ұшады екен желпілдеп.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (Батыржан, Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту.	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) (Арнұр, Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Көктемде не болады?» туралы әңгімелесу. Мақсаты: Сурет бойынша өз ойын айтықыз.
Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 12.00 – 12:30	Сәуір Серуен-Бақылау № 1 Мойыл бұтасын бақылау Мақсаты: Бұталар туралы білімдерін молайту; Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі: Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен	Сәуір Серуен-Бақылау № 2 Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі - түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар?	Сәуір Серуен-Бақылау № 3 Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы. Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадың мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұлт дегеніміз не? ♦ Бұлттардың түсі қандай болады? ♦ Бұлттар неден тұрады? <i>(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)</i> бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? <i>(түйдек</i>	Сәуір Серуен-Бақылау № 4 Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру. Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын. ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде	Сәуір Серуен-Бақылау № 5 Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А. Меңдібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз екен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбырлап, «Қандай көркем, көр»-дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы,

	кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? Мойыл жидектерінен не жасайды? Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? Еңбек Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. <i>Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». <i>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау,</i>	Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсындар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Аландағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». <i>Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. <i>Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау</i> Мақал мәтел: <i>Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен</i>	<i>бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)</i> ◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Аланды егу жұмыстарына дайындау; коқыстарды жинау, сыпыру. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..</i> Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». <i>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.</i> Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. <i>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу</i>	қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> Қимылды ойын «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты:</i> берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. <i>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</i> Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). Ал, сендер суреттен не көріп тұрсындар? (<i>қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр</i>) Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын коқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген</i>
--	--	---	--	--	---

	<i>аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.</i> Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту <i>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.</i> Мақал-мәтел: <i>Бір тал кессең, он тал ек.</i> <i>Бір ағаштан жасалады мың шырпы,</i> <i>Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.</i>		<i>дағдыларын жетілдіру.</i> Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.		<i>құлшыныстарын арттыру.</i> Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.</i> <i>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: